



**Автор:** Есқайырова Ботакөз Сапарғалиқызы

**Пән:** Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика

**Сынып:** 4-сынып

**Бөлім:** Презентациялар

**Тақырып:** Презентация слайдының макеті

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.3.1 слайдқа макет таңдау 4.3.1.1 ақпаратты іздеу (компьютердегі файлдар мен бумаларды, құжаттағы мәтіннің үзіндісі); 4.3.1.2 браузер құралдарын қолдану (бетбелгілер орнату, жүктеулерді және тарихын қарау)
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: Слайдтың макет стилдерін және макет таңдау тәсілін білу;; Слайдтағы шаблондарды қолдана алу; Көптеген оқушылар үшін: Дизайн мәзірін қолданып, слайд беттерін безендіру; Слайд бағыттарын ауыстыра алу; Кейбір оқушылар үшін: Мысал ретінде макеттердің қолдану маңыздылығын түсіндіру;
Тілдік мақсаттар:	Макет-Макет-Layout Дизайн-Дизайн-Design
Күтілетін нәтиже:	Презентация құрады; Слайд макеттерін құрастырады; Слайд бағыттарын біледі; Дайын шаблондарды тиімді қолданады.
Бағалау критерийлері:	<input type="checkbox"/> Слайдқа не үшін макет таңдайтынымызды біледі; <input type="checkbox"/> Слайдқа безендіру шаблондарын қолданады; <input type="checkbox"/> Слайдтың бағытын өзгерте алады.
Құндылықтарды дарыту:	Өмір бойы білім алуға, рухани дамыған жеке тұлға болып қалыптасу. Сыни тұрғыда практикалық жұмыс жасауға дағдылау, өз бетінше ізденуге бағыттау.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Дүниетану, қазақ тілі, ағылшын
Бастапқы білім:	Презентацияларға арналған ақпарат, жоба құру

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы (5)	I. Ұйымдастыру: -Амандсау -Оқушыларды түгендеу. Үй тапсырмасын сұрау: «Ашық сұрақтар» 1. Презентация дегеніміз? 2. Программаны қалай іске қосады? 3. Браузер дегеніміз? 4. Презентация қандай мағына береді? 5. Презентация жасау үшін ақпараттарды қайдан алуға болады? 6. Бетбелгі дегеніміз? 7. Жүктелген файлдарды қайдан көруге болады? 8. Браузер қандай мағына береді? 9. Ақпаратты қалай іздеуге болады? 10. CTRL+D қызмет атқарады? Дескриптор: -анықтамаларды біледі;	Интерактивті тақта PLICKERS.COM

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы (22)	<p>II. Жаңа сабақ. Бүгінгі сабақтың тақырыбын ребус арқылы шешу. (Макет) Презентацияға слайд қосу үшін Басты (Главная)—Слайд құру (Создать слайд) командасын орындаймыз. Слайд құру барысында өзімізге ұнаған макетті таңдай аламыз: титулдық немесе әртүрлі нысандары бар слайд т.б Жолақтың дизайн бөлімі слайдты безендіру үшін пайдаланылады. Егер таңдаған слайдтың түсі ұнамаса Дизайн-Түстер-Тақырыптың жаңа түстерін құру командасын орындап, пайда болған сұхбат терезісіне өзімізге ұнаған түсті қойып, сақтай аламыз. Презентация құрғанда безендірушаблондарын қолдану үшін мына командалар орындалады: Файл-Құру—Презентация құру терезесінде Безендіру шаблондарын ағып ОКбатырмасын басамыз. Тапсырмалар. 1. Жеке жұмыс «Сәйкестендіру кестесі» Дескриптор: -жүктелген файлдарды көрсету пернесін табады; -бетбелгілерге қосу пернесін анықтайды; -тарихын қарау пернесін анықтайды. Бағалау: «Бас бармақ» Сергіту сәті 2. Практикалық жұмыс Суретті пайдаланып, жануарлар дүниесінің алуан түрлілігі туралы презентация жасау. Презентация өзіне ұнатпай етіп безендіріп, бумаға сақта. Дескриптор: - тақырыпқа ақпаратты жинақтайды; -презентацияға мәтіндер, суреттер кірістіріп өңдейді; -презентацияны безендіреді. Бағалау: «Мадақтау»</p>	<p>Интерактивті тақта Презентация Оқулық, дәптер <a href="https://youtu.be/6Q7-tzCCh3w">https://youtu.be/6Q7-tzCCh3w</a> Дербес компьютер</p>
Сабақтың соңы (10)	<p>3.«Ойлан тап» әдісі Сабаққа қатысты түйін сөздерді тауып, сөйлем құрау. 1 2 3 4 5 А А П Р С З В Ш Е В Д Н С Й Я И Т Б Д Л К О Ц Ф 1. А2, А3, В2, А5, В2, В5, С4, Ф1, Д4, С3, С2. 2. В1, А1, С5, Д1, Д3, В5. 3. А4, Д1, А1, С1, В4. 4. Д5, Д3, В5. 5. В4, С3, А5, А1, С1, В5. Дескриптор: - баған мен қатарды анықтайды; - түйін сөздерді табады; - түйінді сөздерден сөйлем құрастырады. Бағалау: «От шашу» 4. Қалыптастырушы тапсырма. 1. Екі слайдтан тұратын «Менің табиғатты қорғаймын» тақырыбында презентация құр. 2. Бірінші слайдқа «Титулдық слайд (Титульный слайд)» макетін таңда. 3. Слайдта презентация тақырыбын жаз. 4. Екінші слайдқа «Жазуы бар сурет» (Рисунок с подписью). 5. Слайдқа қоршаған орта атауын, сәйкескелетін сурет және қысқаша ақпарат жаз. Дескриптор • қажетті макетті таңдайды; • слайдқа сурет кірістіреді; • слайдта қысқаша ақпарат жазады. Бағалау: «Мадақтау»</p>	<p>Интерактивті тақта. Презентация Қима қағаздар. Дербес компьютер</p>
Рефлексия (3)	<p><b>Рефлексия «БББ» алған білімдерін қорытындылайды Үйге тапсырма: Суреттерге қарап, қанша тақырып бойынша презентация жасауға болатын анықтау. Оларды топқа бөліп, атау беру.</b></p>	<p>стикер</p>